

Түркістан облысы Келес ауданы Біртілек а/о
«№14 негізгі орта білім беретін мектеп»

Мәлімет

Орындаған: А.Әбдіғалпаров

2022-2023 ж

«№14 негізгі орта білім беретін мектеп»

директоры М.Қыдырбаева

психологиялық қызметі бойынша

2022-2023 оқу жылының барысында

жүргізілген жұмыстары туралы

Мәлімет

3. Психологиялық қызметтің жұмысы:

1) бастауыш білім беру деңгейінде – әрбір білім алушының бейімделуі және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру кезінде танымдық және оқу уәждемесін, дербестігін және өзін-өзі реттеуді дамытуда қолдау көрсету;

2) негізгі орта білім беру деңгейінде - оқытудың жаңа жағдайларына бейімделу, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің танымдық және оқу іс-әрекетін дамыту, жеке және құндылық-мағыналық өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тану міндеттерін шешуде қолдау көрсету, танымдық процестерге тұрақтылықты қалыптастыру;

3) жалпы орта білім беру деңгейінде – білім алушы мен тәрбиеленушіге өзін-өзі анықтауға және жеке сәйкестілікке, бейінді бағдарлануға көмек көрсету, мақсат қою және дербес шешімдер қабылдау қабілетін дамытуға, орнықты дүниетанымды қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады.

2022-2023 оқу жылында жоспарлар түзіліп, бекітіліп, жұмыстар жүргізілді.

Қыркүйек, қазан айында: орта және жоғарғы буын оқушыларымен: жоспар бойынша Бейімделу кезеңі бойынша: 5-11 сынып оқушылары арасында, «Бейімделу процесін бақылау, анықтау» сауалнамасы алынып, бақылау бойынша жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың сабақ барысында мінез-құлқының өзгеруін бақылау және хабарлау туралы сынып жетекшілерге, пән мұғалімдеріне кеңес берілді. Бейімделу процесі бойынша ата-аналармен психологиялық жадынамалар, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлқтың алдын алу» аудандық семинарда «Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас» тақырыбында тренинг жүргізілді. 8-11 сынып қыздар арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Қыз тәрбиесі ұлт тәрбиесі» тақырыбында түсіндірме видеоролик көрсетіліп, өз ойларын ортаға салып, пікір бөлісіп, қыздар жиналысы өткізілді. «Бестерек» жобасының 1-ші кезеңі: Аутодеструктивті мінез-құлқты оқушылардың тәуекел топтарын анықтау мақсатында: «Кәбинеттік талдау»

жүргізіліп, анықталған оқушылар тәуекел тобының жасыл, сары - деңгейіне тіркелді.... Балалардың психологиялық ахуалын жақсарту мақсатында: ата-аналарға, мұғалімдерге жадынамалар, кеңестер берілді. Ата-аналарға «1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі» тақырыбында, жадынама, ұсынымдар, кеңестер беріліп, жаттығулар жүргізілді. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу. 5-8 сынып аралық «Мен және менің отбасым», 9 сынып аралық «Досы барды жау алмас» тақырыбында эссе жұмысы алынды. 8-9 сынып оқушылары арасында «Аутодеструктивті мінез-құлықты және ерте жүктіліктің, отбасында зорлық-зомбылықтың алдын алу» жиналысы жүргізілді. Құқық бұзушылықтың алдын алу сауалнамасы жүргізіліп, нәтижесінде оқушылар арасында ешқандай келеңсіздіктің орын алмағандығы анықталды. жұмыстары жүргізілді. Өмірді, өзін бағалау, өзін-өзі қорғай білу, Кибербуллинг дегеніміз не? туралы жадынама 5-9 сынып оқушылары арасында Далалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Психологиялық сауалнама, аяқталмаған сөйлемдер әдістемесі алынып, зерттеу қорытындысы бойынша: қорқыныш, мазасыздану, өзін төмен және өзін жоғары бағалайтын оқушылармен түзету-дамыту, кеңес беру, алдын алу, жеке әңгіме-кеңестері, жұмыстары жүргізілуде. 9-сынып оқушылары арасында Аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу мақсатында «Мен өмірге құштармын» тренинг, «Мамандық таңдауда адаспа» тақырыбында пікір алмасу жұмыстары жүргізілді. «Өз көңіл-күйіңді қалай басқаруға болады?» видеоролик көрсетіліп, түсіндірме жұмысы жүргізілді. Ұжымға, сынып жетекшілерге, жас мамандарға жағымды қарым-қатынас, көңіл-күй қалыптастыру, түсіндірме, мини-лекция, кеңестер берілді. Сынып жетекшілердің сұранысы бойынша: ата-аналар арасында «Баламен қарым-қатынас жасай біліңіз.», «Бала тәрбиесінде ешқашан үлкенін ұмытпа» тақырыбында өмірге деген көзқарасын кеңейту, түсіндірме, кеңестер берілді.

Қараша: Орта буын оқушылары арасында қарым-қатынас қалыптастыру мақсатында: Қарым-қатынас реттеу жаттығу жұмыстары жүргізілді. «Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті жағдайлардың алдын алу, ерте жүктіліктің алдын алу, зорлық-зомбылықтың, құқық бұзушылықтың алдын алу» мақсатында жоспар бойынша аудандық мобильді топ өз жұмысын оқушылардан «Отбасылық қобалжуды анықтау» тесті, отбасы қарым-қатынасты деңгейі сауалнама, өз «менін», өз мақсатын айқындау аяқталмаған сөйлем әдістемесі, «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» сауалнама жұмыстарын алып, олардың көңіл-күйлерін қалыптастыру мақсатында жаттығу жұмыстарын жүргізді. 8-9 сынып ата-аналары арасында: «Жасөспірімдік кезеңдегі аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» тақырыбында тренинг жаттығулары, жадынама, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ата-аналар тарапынан сұрақтар қойылып, талқыланды. Анықталған оқушылар бойынша топтық түзету жұмыстары, жеке әңгіме, кеңес беру жұмыстары жүргізілді. 8-9 сынып қыздар арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу» ата-ана тәрбиесінің әсері ма? – қыздар арасында дебат жұмысы ұйымдастырылды. Оқушылар өз ойларын ортаға саклып, талқылау жұмыстары болып өтті. Дебат қорытындысы бойынша қыздар арасында жеке әңгімелесуге келіп, өз ойларымен бөлісті. Оқушы мен ата-ана арасындағы өкпе, реніштің, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында: 5-6 сынып оқушылары арасында «Әкеге хат», «Анаға хат» тақырыбында хат жазу жұмысы ұйымдастырылды. Нәтижесінде өкпе, реніштері, алғыстары, ата-анасына рахмет айтқан оқушылар байқалып, өкпе, реніш бар оқушылармен сынып жетекшімен біргелікте түзету жұмыстары жүргізілді. «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» Республикалық науқанын өткізу бойынша іс-шара жұмыстары жүргізілді. Бақытты балалық шақ тақырыбында 4-9 сынып оқушылары арасында: оқушылардың отбасына, ата-анаға деген көз қарасын, қуанышын арттыру мақсатында эссе жазу жұмыстары жүргізілді. Ата-аналар мен сынып жетекшілеріне

арналған отбасындағы және мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша семинар: «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында ата-аналармен жиналыс жүргізілді. 13-22 желтоқсан аралығында өтілген «Жан дүние әлеміне саяхат» тақырыбы бойынша іс-шара түзіліп бекітілді. Психологиялық апталық аясында біршама жұмыстар атқарылды. 13 желтоқсан күні психологиялық апталықтың ашылуы ұстаздар және 1-11 сыныптар аралығында нейрогимнастика, фантазияны дамыту, «0,1,2,3,4,5» сандарнан сурет бейнеле тапсырмасы. Мен сіздерді жақсы көремін ән айту, ұстаздарға, оқушыларға мінездеме айтылып түрлі жаттығулар ұйымдастырылды. «Өмірің тәтті болсын» психологиялық акция. Ұстаздар мен оқушыларға өміріңіз тәтті болсын деген мақсатта тәттілер таратылды. **14 желтоқсан күні «Ол әлем – психология әлемі – жан туралы ғылым»** тақырыбында (8-9 сынып оқушылары)

«**Бақытты балалық шақ**» тақырыбында эссе (4-7 сынып) эссе байқауы жүргізілді. «**Бақытты отбасы**» тақырыбында (4-7 сынып) «**Психология ашылмаған әлем**» тақырыбында суреттер байқауы (8-11 сынып оқушылары) суретке қабілетті дарынды оқушылармен жұмыс жүргізіліп, оқушылар өз өнерлерін шындай түсті. **15 желтоқсан күні «Көңілі көтеріңкі ұстаздың, еңбегі де жемісті»** ұстаздармен тренинг өткізілді.

20 желтоқсан күні «Ата-ана бала тәрбиесінің айнасы» тақырыбында ата-аналармен тренинг жүргізіліп, ата-аналар түсіндірме жұмыстарын, жадынамалар, кеңестер алды.

«Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, әлім жеттіктің алдын алу» тақырыбында 5-7 сынып оқушыларына семинар, түсіндірме жұмыстары мен видеороликтер көрсетілді. Оқушылар өз ойларымен бөлісіп, талқыланды. 21 желтоқсан күні «**Мейірімді болса жүрек - орындар тілек**» тақырыбында 3-9 сынып аралық оқушыларымен қызықты психологиялық жаттығулар ұйымдастырылды. «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, әлім жеттіктің алдын алу» тақырыбында 8-9 сынып оқушыларына семинар, түсіндірме жұмыстары мен видеороликтер көрсетілді. Оқушылар өз ойларымен бөлісіп, талқыланды. 22 желтоқсан күні қорытынды, ұсыныстар. Апталықтың салтанатты жабылуы. апталыққа белсене қатысқан оқушылар мақтау қағазымен марапатталды. Оқушылардың көтеріңкі көңіл-күйі – «шырша мерекесі», ән айту, би билеумен, шат көңілмен өткізілді. Оқушылар мен ата-аналарға, ұстаздарға психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілуде.

Қантар: 5-сыныптар арасында оқушылардың ақыл-ой деңгейін анықтау мақсатында Штур тесті алынып, нәтижесі бойынша түсіндірме жұмысы жүргізілді. Орта буын оқушылары арасында қарым-қатынас қалыптастыру мақсатында: Қарым-қатынас реттеу жаттығу жұмыстары жүргізілді. «Біздің отбасымыз және бала» тақырыбында: 3-6 сынып, қыз-ұл балалары бар отбасымен отбасылық сұхбаттасу жүргізілді. Ертежүктіліктің алдын алу мақсатында «Қызды қырық үйден тып» шағын лекция, жадынама, түсіндірме жұмысы жүргізіліп, қыздар өз ойларымен бөлісті. Әскерге есепке барушы ер балалармен психологиялық зерттеу жұмысы жүргізіліп, талдама жасалды. 5-9 сынып оқушылары арасында Зорлық-зомбылықтың, буллингтің алдын алу сауалнамасы алынып нәтижесі бойынша оқушылармен «Зорлық-зомбылық, буллингтің алдын алу» туралы кеңес беру, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ата-аналар арасында «Сіздің балаңыз үшін мамандықты кім таңдайды?» видеоролик көрсетіліп, кеңес, түсіндірме жұмысы жүргізіліп, ата-аналар өз ойларымен бөлісті.

Ақпан: Жоғары және орта буын оқушыларының агрессия деңгейін анықтау мақсатында

5-9 сынып аралық оқушылардан «Өз агрессияды басқара аласың ба?» сауалнамасы алынып, нәтижесінде: оқушылардың бойында өздерін реттеу, қарсы тұра білу, сенім арту, сабырға шақыру жолдарымен таныс екендігі анықталды. Сауалнама жұмыстарында «білмеймін, ешқандай» деген жауап берген оқушылармен олардың көңіл-күйлерін қалыптастыру, реттеу жолдарын түсіндіру мақсатында жаттығу, жадынама, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Интернеттің пайдасы мен зияны» видеоролик көрсетіліп, түсіндірме, ата-аналармен кеңес беру, жадынама жұмыстары жүргізілді. 5-7, 8-9 сынып қыздар арасында қыздар жұмысын жандандыру мақсатында жиналыс жасалып, жеке бас гигиенасы, кеңес берілді. 16.02. Психологиялық қызмет бойынша «Жылу LIFE» жобасы, аптаның бір күні – психологиялық күн іс-шарасы: ұстаздармен

оқушылар арасында жағымды көңіл-күй орнату, отбасы, туыстар арасындағы қарым-қатынас барысын нығайту, кешірімді болуға баулу, өз эмоциясын реттей білуге ықпал жасау мақсатында жүргізілді. Іс-шара барысында керемет көңіл-күй, сезім, қуаныш, жағымды эмоция орын алды.

20 -24.02. «Жан дүние әлемі» апталығы, ұстаздар арасында: «Ұстаздарға 5 күн, 5 тапсырма арқылы көтеріңкі көңіл-күй сыйлау» тақырыбында жүргізілген, **1-күн тапсырмасы** бойынша: ұстаздардың көңіл-күй, эмоциялық күйін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін, ұжымдық бірлік, қарым-қатынастарын арттыру мақсатында Арттерапия жұмысы жүргізілді. Жұмыс қорытындысында ұжым арасында қарым-қатынас, керемет көңіл-күй, бірлік, ынтымақ, бірлізділік, позитивті қатынас қалыптасты. **2-күн тапсырмасы:** Ұстаздар арасында «Долпен , секіртпе, ортаға түспек» т.б. ойындар ойнау арқылы: Ұжымға жағымды көңіл-күй сыйлау, бірлізділік, ынтымақ, жағымды қарым-қатынас орнады. **3-күн тапсырмасы:** Ұстаздарға «Сыр – сұхбат, сырласу», «Тәтті шай», жас мамандармен өз тәжірибелері мен шығармашылықтарының қызығы мен қиындығы қатар жүретін, ұстаздық жолы туралы ой бөлісу, әңгімелесі, ән тындап көңіл-күй селт еткізу сәттері өте жоғары деңгейде жүргізілді. **4-күн тапсырмасы:** Ұстаздармен, адамның шығармашылық әлеуетін ғана емес, ішкі ойларын, мотивтерін, өзіне деген сенімділікті нығайту мақсатында: Сұлулықты сақтау би терапиясы жүргізілді. 6-сынып оқушылары арасында ұжымдық бірлік, ынтымақ, жағымды қарым-қатынас орнату мақсатында «Мен және менің ортам» тренинг жұмысы жүргізілді. **5-күн тапсырмасы:** «Жақсы сөз – жарым ырыс» сиқырлы қоржын мектеп ішін аралап жүр, әр сыныпқа бір қапшып ілінді. Ұстаздар мен оқушылар арасында жағымды қарым-қатынас орнату, жақсы сөз айтып жарысу, ең көп сөз жинақтаған қоржын- 7б сыныбы, жетекшісі А. Аятов, шара өте жоғары деңгейде жүргізілді. 9-сыныптар арасында: оқушыларға интернеттің пайдасы мен зияны туралы түсінік қалыптастыру, дұрыс бағыт-бағдар беру. «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында психологиялық сабақ өтілді. Оқушылар өздері жасаған презентацияларын қорғап, өз ойларымен бөлісті.

Наурыз: «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» кеңес беру, «Мен өмірді сүйемін, басымды саған иемін» дөңгелек үстел жүргізіліп, қыздар арасында жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша өмірге қызығушылықтары арта түсті. Психологиялық қызмет бойынша «Жылу LIFE» жобасы, аптаның бір күні – психологиялық күн іс-шарасы: Ұстаздармен оқушылар арасында жағымды көңіл-күй орнату, отбасы, туыстар арасындағы қарым-қатынас барысын нығайту, кешірімді болуға баулу, өз эмоциясын реттей білуге ықпал жасау мақсатында «Рольдік гимнастика» жаттығулары мен тапсырмалары, «Үлкенге-құрмет, кішіге - ізет» үйде оқытылатын оқушылармен құтықтау акциясы, 5-сынып оқушылары арасында әр адам сезе біледі, қуану, шаттану, позитивті сезіну, түсінік қалыптастыру мақсатында «Сезімнің ішкі әлемі» тақырыбында тренингтер жүргізілді.

.Оқушылардың көтеріңкі көңіл-күйі – «Әз -Наурыз мерекесі»,ән айту,би билеумен,шат көңілмен өткізілді. Оқушылар мен ата-аналарға,ұстаздарға психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілуде.Аталған жұмыстар бойынша фотолар алынып,хаттамалар жазылды

2022-2023 оқу жылының 27.03.- 07.04. сәуір аралығында өтілген «Ынтымағы жарасқан отбасы – бала қуанышы » тақырыбы бойынша іс-шара түзіліп бекітілді.Іс-шара аясында біршама жұмыстар атқарылды.

30.03. «Бақытты балалық шақ», «Өзін таңдаған өмір» тақырыбында суреттер байқауы 1-9 сыныптармен суретке қабілетті дарынды оқушылармен бейнелеу пән мұғалімдері жұмыс жүргізіп,туындылардан өте жақсы салынған суреттерді саралап,мадақтама қағазымен марапаттады.

31.03. «Мейірімді болса жүрек – орындалар тілек» тақырыбында эссе байқауы 5-9 сыныптар аралығында жүргізілді,үздік жазылған эссе іріктеліп,оқушылар марапатталды.

03.04. «Отбасы – шағын мемлекет»тақырыбында мектеп әлеуметтік педагогы Г.Досанованың ұйымдастырылуымен дөңгелек үстел жүргізіліп,оқушылар өз ойларымен ой бөлісіп,пікірлерін айтты.

04.04. «Қарым-қатынас құруды үйренейік» тақырыбында: Бала тәрбиесі дамуындағы басты роль атқарушы – отбасы. Сондықтан ата - ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу мақсатында семинар тренинг ата-аналармен сынып жетекшілер арасында жүргізіліп,ата-аналарға өздеріне қажетті мағлұматтар алды..

05.04. «Үлгілі отбасы байқауы» ата-аналармен

06.04.«Мұғалім-оқушы» қарым-қатынасы және оның оқу-тәрбие процесіндегі ықпалы тақырыбында дебат 9 сынып оқушыларымен оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктері мен жетістіктері туралы біршама ой қозғау болып,талқыланды.

10.04.- 10.05. аралығында өтілген «Бала өмірі –асыл қазына» тақырыбы бойынша іс-шара түзіліп бекітілді.Іс-шара аясында біршама жұмыстар атқарылды.

10.04.2023ж. күні іс-шараның ашылуы ұстаздар және 1-9 сыныптар аралығында нейрогимнастика,Менің әлемім,Аффирмация айту,өзін-өзі тану –эксперимент жаттығулары арқылы Ұстаздарға, мінездеме айтылып түрлі

жаттығулар ұйымдастырылды. Жанжал жағдайларында мінез-құлықтың сындарлы (конструктивті) амалдарын дамыту, сенімділік тәжірибесін толықтыру, құрбыларымен зорлық- зомбылықсыз өзара сыйласымды қарым-қатынас жасауға дағдылану мақсатында: **8«а»-сынып** оқушылары арасында **«Пікірталас – ұрыс емес»** тақырыбында психологиялық сабағы өтілді.

11.04.2023ж Тәлім алушылардың ашу-ызаға толы сезімдерін қауіпсіз күйде айтуға үйрету; Рефлективті механизмді белсендіру мақсатында: **8«ә»-сынып** оқушылары арасында **«Ашу-ызаны білгенде не істеу керек?»** тақырыбында психологиялық сабағы жүргізілді.

12.04.2023ж Қауіптен бас тартқан жағдайдағы әлеуметтік дағдыларды дамыту; Бақылау және өзін-өзі қадағалау сәттеріндегі дағдыларды дамыту; Қарым-қатынастың вербальды

04.05.2023ж 9- сынып оқушылары арасында Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу мақсатында: Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ, ерте жүктіліктің алдын алу Оқушылармен жүргізілген психологиялық сабақтар, түсіндірме, кеңес беру, түзету жұмыстары барысында өмір сүру қауіпсіздігін, өмірді бағалай білу, дұрыс қарым-қатынас жасау жолдарын түсініп, өздері реттеу жолдарын меңгерді.

12.05.2023ж. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу, Зорлық-зомбылықсыз балалық шақтың алдын алу мақсатында: «Мен буллингке қарсымын» челенджді жүргізіліп, оқушыларға түсіндірме, «Әлімжеттік әлсіздің ісі» тренинг жаттығулары, «Гелий Хелиум» видеосы көрсетілді, драматерапия жағдаяттарға түсу, буллингтің алдын алу қағидаттары айтылды, кеңес беру, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мектеп директоры:

М.Қыдырбаева

Педагог психолог:

А.Әбдіғаппаров



«14 негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
«Ата-аналар мен сынып жетекшілеріне арналған отбасындағы және мектептегі бала
қауіпсіздігі-басты назарда»

Х А Т Т А М А С Ы

05.05.2023

Димитров ауылы

Қатысқандар:

Ата-аналар,

Мектеп директоры ,М.Қыдырбаева

МДТЖЖО, Ж.Абдуалиев,

Педагог-психолог, А.Әбдіғаппаров


Мақсаты: Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында, жасөспірімдердің ерекше жағдайын анықтайтын психологиялық сауалнамалар алу, сараптама жасап, ата-аналарға ұсыныстар беру

КҮН ТӘРТІБІНЕ:

1. Күн тәртібінде қаралатын жалпылама мәселелерге шолу
(мектеп директоры, М.Қыдырбаева);
2. «Мейірім-жүректен» атты айлық іс-шара жоспарымен таныстырды.
(МДТЖЖО, Ж.Абдуалиев);
3. «Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алу», «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» және т.б мәселелер.
(Педагог-психолог, А.Әбдіғаппаров);

Т Ы Ң Д А Л Д Ы:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша МДТЖЖО,Ж.Абдуалиев сөзді бастады. «Мейірім-жүректен» атты айлық іс-шара жоспарымен таныстырды. Жазғы дем-алыс, лагерлер туралы және мектеп формасы, түнгі мезгілде оқушылардың жүруі және басқа мәселелер бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Педагог-психолог Әбдіғаппаров.А «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» тақырыбында, 5,9- сынып оқушыларынан сауалнамалар алынып қорытындылары шығарылды. Сауалнама қатысқан оқушылар: Өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды иә, кейде, жоқ сұрақтарына жауап берді. Жасөспірімдердің ерекше жағдайын анықтап. Түсінбеушіліктің алдын алу ,мінез-құлықты дұрыстау мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді түрлі тақырыптарды қозғау, талқылау , ата-аналарға мен мектеп әкімшілігі тарапынан бір жақты шешім шығарылды



Қ А У Л Ы:

«Адам өмірі бәрінен қымбат» тақырыбында Ата-аналар мен жұмыстар кеңінен жүргізілсін оның жауапкершілігі мектеп директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Ж.Абдуалиев , педагог-психолог А.Әбдіғаппаров және сынып жетекшілеріне жүктелсін.

Мектеп директоры:

М.Қыдырбаева

ДТЖЖО:

Ж.Абдуалиев

Педагог-психолог:

А.Әбдіғаппаров



«№14 негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

АНЫҚТАМА

2023 жылдың наурыз айындағы психологиялық жоспарға сәйкес, жоғары және орта буын оқушылар арасындағы діни экстримизмнің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілді

Діни экстримизмнің алдын алу бойынша анонимді сауалнамалар алынды «Әлемде жоқ жануар» проективті әдістемесі алынды.

Қорытындылай келе, осы жағдайлардың алдын алу мақсатында. Оқушылармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Террорист жеке адам және қоғам тыныштығын бұзатын, мемлекет тәртібі мен қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе қатерге ұшырататын, заңға қайшы келетін құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді

Мектеп директоры



М.Қыдырбаева

Педагог-психолог:

А.Әбдіғаппаров

АНЫҚТАМА

«№14 негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Шетелдердегі теологиялық оқу орындарының қауіпі туралы» түсіндірме жұмыстары өткізілді, мақсаты: Мектеп бітіруші оқушылармен шетелдердегі теологиялық оқу орындарының қауіптілігі туралы тәрбие сағатында түсіндірме шаралары ұйымдастырылып, оқу жылының 06 желтоқсан күні 9-сынып оқушыларымен «Діни экстремизмнің» алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары, психологиялық тренинг өткізілді. Жеке және топтық психологиялық кеңестер ұйымдастырылды. Шетелдердегі теологиялық оқу орындарының қауіпі туралы жан-жақты түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Террористік іс-әрекеттерді жүзеге асыратын адам немесе топтасқан қауым «террорист» деп аталады. Террорист жеке адам және қоғам тыныштығын бұзатын, мемлекет тәртібі мен қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе қатерге ұшырататын іс-шараларды, заңға қайшы жұмыстарды іске асыратын жеке және заңды тұлғалар болып табылатын жөнінде айтылды.

Теология ілімі туралы және шет елдердегі теологиялық оқу орындарында білім алудың қауіптілігі туралы, терроризм және экстремизм жайлы толық мағлұматтар берілді. Оқушыларға қазіргі таңда осыған байланысты жеке көзқарасын анықтау мақсатында сауалнамалар алынды.

Мектеп директоры

ДТЖЖО

Кәсіби бағдар беруші

Педагог-психолог:

М.Қыдырбаева

Ж.Абдуалиев

А.Бердібек

А.Әбдіғашпаров



АНЫҚТАМА

«№14 негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ұстаздарынан «Эмоция тесті» алынып қорытындысы шығарылды: Және оқытушылар арасында психологиялық «тренингтер» жүргізілді;

Мақсаты: адам бойындағы түрлі негативті мінез құлық типін айқындау.

Мектеп директоры:




М.Қыдырбаева

Педагог-психолог:



А.Әбдіғашпаров





«№14 негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психологі А.Әбдіғаппаровтың 2022-2023 оқу жылының 3-тоқсан бойынша жүргізілген жұмыстар туралы

МӘЛІМЕТІ

Қаңтар айында: Оқушылармен жоспар бойынша зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша анонимді сауалнамалар алынды. Д.Голландтың «9-сынып оқушыларымен «Мамандыққа икемділігін анықтау» тесті алынып қорытындысы оқушылармен талқыланды. Оқушылардың сабақ барысында кездескен түсінбеушіліктерін, өзгерістерін хабардар етуін сынып жетекшілермен пән мұғалімдеріне ескертілді. Балаңызбен дос, сырлас бола білесіз бе тақырыбында. Ата-аналарға жадынама берілді. «Қазақ қызына тән қасиеттер» тақырыбында қыздар жиналысы өтті. Мектеп және мектептен тыс ортада психологиялық және физиологиялық зорлық-зомбылық, құқық бұзушылық, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында. Баяндама оқылды және түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Кәсіптік бағыт-бағдар беру» бойынша видео ролик көрсетілді. Зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы кеңес беру, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға кәсіби бағдар бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Ақпан айында: 5-9 сыныптар аралығында. Діни экстримизмнің алдын алу бойынша анонимді сауалнама алынды. Кеңес беру, видео роликтер, жадынамалар, оқушылармен жүргізілді «Интернеттің пайдасы мен зияны» туралы видео ролик көрсетілді. Түсіндірме жұмыстары, кеңес беру, жаднамалар, 5-9 сынып, ата-аналарымен жұмыстар жүргізілді, 9 сынып оқушыларымен психологиялық жұмыстар жүргізілді, 7-9 сынып оқушыларымен. «Темекі шегетін қоспалар» мен «Синтетикалық есірткілер» тақырыбында оқушылармен пікірталас өткізілді. «Синтетикалық есірткілер» және олардың зияндығы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Наурыз айы: 7-9 сыныптар арасында. Діни экстримизмнің алдын алу бойынша анонимді сауалнама «Әлемде жоқ жануар» проективті әдістемесі алынды. 5-9 сыныптар аралығында Жоғары және орта буын оқушылар арасындағы ауто агрессияны алдын алу бойынша түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді «Сезімнің ішкі әлемі» атты тренинг жүргізілді. «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында видео ролик көрсетілді.

5-9 сынып аралығында Ұлдар жиналысы «Аталар сөзі-ақылдың көзі» тақырыбында ауыл ақсақалдарымен оқушыларға түсіндірме жұмысы және видео роликтер көрсетілді.

Мектеп директоры:



М.Қыдырбаева

Педагог-психолог:

А.Әбдіғаппаров

« №14 негізгі орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Баяндама

Тақырыбы:Қазақ қызына тән қасиеттер

Түзген: Педагог-психолог
А.Әбдіғаппаров

2022-2023 оқу жылы

Қазақ қызына тән: Қасиеттер

Қазақ қызы: Инабатты, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін, көпшілік қауымға тән сұлулығымен емес, жан сұлулығына жаға білетін, жібек мінезді, «иманды ару, ибалы келін» деген атқа толығымен лайық болуы керек. Ал ондай атқа лайық болуы үшін болашақта да қыздың әдептілік, ізетті, қазақ қызына тән қасиет болуы керек. Он қолынан өнер тамып тұрғанға не жетсін, дәл сондай қазақ қыздары заман талабына сай ондай қыздар кездестіре бермейсің. Қазақ қыздарының санасын улап отырған дәстүрге сай емес сәнді киімдер. Ақиқатына келгенде өзге ұлт өкілдерінің аруларына жарасқанымен – бұл сәнді киімдер, біздің қазақ қыздарының еш үйлеспейді. Мұның бәрі, әрине, ашық саясаттан, яғни, шетелдік телехикаялар, жұлдыздар бейнеклиптер туындаған қайшылықты көрініс. Қашанда иманды да, ибалы қалпынан таймаған қазақ аруларының инабаттылығы биік болғай!

Қазақ қызы қандай болу керек дегенге? есіме Қыз Жібек киносы түсіп кетті ғой. Сондағы Жібектей болса ғой, Ех. Ең бастысы Қазақ қызы ар--намысын қорғаған, ибалы, иманды болу керек.

«Қызға қырық үйден тыйым» дейді қазақ. Бүгінгі күн қазақ қызының бейнесін, болмысын ұмытып бара жатқан сияқтымыз. Жалпы, қазақ қызы қандай болуы керек? Ол жайлы ойлай бермейміз де. Күнделікті болмасын, ең құрығанда, әредікте өзімізге «Мен «Қазақ қызы» деген үлкен атқа лайықпын ба?» деген сауал қоймаймыз да. Бәлкім, бұл үлкен атауға бәріміз дерлік сай шығармыз. Олай болса, өз бойымыздағы қасиеттер мен мінез-құлықты саралап, қазақ қызының болмысындағы қасиеттермен салыстырып көрелік!

Қазақ қызына тән қасиеттер:

Қазақта қыз баласы ұяң да инабатты, сыпайы болған.
Ер адамға тік қарамаған.
Жүріс-тұрысы салмақты болып, сызылып, сыпайы қозғалған.
Орынсыз жыртыңдап, күлмеген.
Ешкімнің сөзін бөлмеген.
Етегі ұзын, кең көйлек киген. Басында тақия не бөркі болған.
Жөнсіз, әдепсіз сөйлемеген.
Кісінің алдын кесіп өтпеген.
Дауыс көтермей, бәсең дауыспен сөйлеген.
Кешкілік жалғыз жүрмеген.
Басқаларға қол тигізбеген және кісіні болсын, жануарды болсын теппеген.
Суық жүріс, сумаң қылыққа бармаған;



АНЫҚТАМА

«№14 негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 7,8,9 сынып оқушыларына. «Темекі шегетін қоспалар» мен «Синтетикалық есірткілер» тақырыптарында оқушылармен пікірталас өткізілді. Оқушыларға жан жақты түсіндірме жұмыстары жүргізілді Педагог-психолог: Әбдіғаппар Асылжан электронды темекі аэрозолдарында жоғары уытты никотин және басқа химиялық токсиндер мен канцерогендер бар және жас өспірімдерге вейп т.б түрлі «Синтетикалық есірткілер» және олардың зияндығы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мектеп директоры:  М.Қыдырбаева

ДТЖЖО:  Ж.Абдуалиев

Педагог-психолог:  А.Әбдіғаппаров



«14 негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Баяндама

Тақырыбы: «Зорлық-зомбылықты жасауға жол жоқ»

Педагог-психолог: Әбдіғаппаров .А

2022-2023 оқу жылы

Қайырлы күн құрметті ұстаздар ! Бала-адамның келешегі, баланы тәрбиелеу, қоғамның сапалы мүшесі етіп өсіру ата-ананың ардақты борышы. Бала жасында қалай тәрбиеленсе, есейгенде соны істейді. Халқымызда «Баланы жастан» деген мақал бар. Бірақ үнемі «үйтпе, бүйтпе» деп отырса да бала ынжық, жасқаншақ болады. Бірақ, бала тәрбиелеудің жөні осы екен деп, тәрбиеден тыс қаталдық көрсетудің өзі бала өміріне қауіп туғызады. Осыны көрген бала іштей ненің дұрыстығын, ненің бұрыстығын түсіне бермейді. Әдетте теріс қылықтан кейін жаза тұрады. Бала ата-анасының жазасын әділетсіз жаза деп сезінеді. Бірақ балаға не үшін жазаланғанын дұрыстап ойландырған жөн және бала өзін ата-ананың орнына қойып, өз қылығын олардың көзімен көруге тырыстыру керек. «Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер» демекші балаға отбасы тәрбиесінің әсері мол.

– Қазіргі таңда жасөспірімдер арасындағы қылмыспен күрестің ең тиімді жолы қандай?

Деген сұраққа мен былайша түйіндегім келіп отыр.

– Ең бастысы ата-аналар немесе оларды ауыстыратын тұлғалар кәмелетке толмағандар мен жасөспірімдерге дұрыс тәрбие беріп, жауапкершілікпен өз ата-ана құқықтарын орындаулары қажет. Баласының тарапынан байқалатын өзгерістерге көңіл бөліп, ерекше назар аударулары қажет. Тәрбие – отбасынан басталады, сондықтан да әр отбасы өз ұясынан саламатты, тәрбиелі азаматтың шығуы үшін барын салып, жауапкершілікпен қараулары тиіс. Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлім инспекторлары тарапынан да жасалатын ықпал зор.

Кеңес беру

Қалай зорлық – зомбылыққа душар болмау? Көшеде түнгі беймезгіл уақытта қалмауға тырысу, көшеде танымайтын адамдармен әңгімелеспеу және онымен қараңғы жерлерге, адамдар жоқ орындарға және т.б. жерлерге бармау. Егер Сізге тұрмыстық зорлық – зомбылық қауіп төндірсе, үйден кетіп қалуға тырысу, ертерек қашып кетуге сөмкеңді дайындау, тиісті құжаттарынмен бірге, көрші – көлемдерінмен сөйлесу, айқай – шу шығарылғанда келу және полицияға хабарлау. Сондықтанда балаға мынаны түсіндірген жөн: - Үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек; - Бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен адамдардан тәтті, сыйлықтар алмау керектігін үйрету қажет; - Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге үйрету.

АНЫҚТАМА

«№14 негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Маңызды мамандықтар» таңдауда түсіндірме жұмыстары өткізілді, мақсаты: Мектеп бітіруші оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп. Дөнгелек үстел және Мамандық таңдауға байланысты видеороликтер көрсетілді. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдар бойынша мамандық таңдауға бейімділігін анықтау мақсатында 8-9 сынып оқушыларымен. Жеке және топтық психологиялық кеңестер ұйымдастырылды психологиялық тренинг өткізілді. Д.Голландтың тұлғаның типтерін анықтау тесті алынып қорытындысы шығарылды. Оқушыларға мамандық таңдауда адаспау керектігі және таңдаған мамандыққа қызығушылық болу керектігі түсіндірілді.

Мектеп директоры:




М.Қыдырбаева

ДТЖЖО:



Ж.Абдуалиев

Кәсіби бағдар беруші:




А.Бердібек

Педагог-психолог:



А.Әбдіғапбаров





АНЫҚТАМА

«№14 негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 8,9 сыныптарға “Менің отбасымдағы құқығым мен міндеттерім” тақырыбында педагог-психолог Әбдіғалпар Асылжан оқушыларға түсіндірме жұмыстарын өткізді. Оқушылардың отбасындағы құқығы мен міндеттері жайында түсіндірме жұмыстары жүргізілді және оқушылар көптеген сұрақтарға жауап берді.

Мектеп директоры:  М.Қыдырбаева

ДТЖЖО:  Ж.Абдуалиев

Педагог-психолог:  А.Әбдіғалпаров



АНЫҚТАМА

«№14 негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Шетелдердегі теологиялық оқу орындарының қауіпі туралы» түсіндірме жұмыстары өткізілді, мақсаты: Мектеп бітіруші оқушылармен шетелдердегі теологиялық оқу орындарының қауіптілігі туралы тәрбие сағатында түсіндірме шаралары ұйымдастырылып, оқу жылының 06 желтоқсан күні 9-сынып оқушыларымен «Діни экстремизмнің» алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары, Жеке және топтық психологиялық кеңестер ұйымдастырылды психологиялық тренинг өткізілді.. Шетелдердегі теологиялық оқу орындарының қауіпі туралы жан-жақты түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Террористік іс-әрекеттерді жүзеге асыратын адам немесе топтасқан қауым «террорист» деп аталады. Террорист жеке адам және қоғам тыныштығын бұзатын, мемлекет тәртібі мен қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе қатерге ұшырататын іс-шараларды, заңға қайшы жұмыстарды іске асыратын жеке және заңды тұлғалар болып табылатын жөнінде айтылды.

Теология ілімі туралы және шет елдердегі теологиялық оқу орындарында білім алудың қауіптілігі туралы, терроризм және экстремизм жайлы толық мағлұматтар берілді. Оқушыларға қазіргі таңда осыған байланысты жеке көзқарасын анықтау мақсатында сауалнамалар алынды.

Мектеп директоры:

М.Қыдырбаева

ДТЖЖО:

Ж.Абдуалиев

Кәсіби бағдар беруші:

А.Бердібек

Педагог-психолог:

А.Әбдіғаппаров



**«№14 негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
«Ата-аналармен жұмыс» күні тақырыбында кезектен тыс өткізілген ата-аналар
жиналысының хаттамасы**

Өткен мерзімі: 22.02.2023 жыл

Қатысушылар: Мектеп директоры М.Қыдырбаева
ДТЖЖО Ж.Абдуалиев
Педагог-психолог А.Әбдіғалпаров
Ата-аналар комитетінің төрайымы Л.Калиева

Ата-аналар- 16

Сынып жетекшілер-4

Күн тәртібінде:

1. «Қылмыссыз балалық шақ»
2. «Бала қауіпсіздігі – басты назарда»
3. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу»

Тындалды:

Мектеп директоры М.Қыдырбаева сөзге шығып, өздеріңізбен өткен оқу жылының мамыр айындағы ата-аналар жиналысында бекітілген «Мектептің ішкі тәртіп ережесі» бойынша әрбір оқушы мектепке мектеп формасында келуі керек дей келе «мектеп формасы» және «Мектептің ішкі тәртіп ережесін бекіту» бойынша шыққан мектеп бұйрығын оқып берді.

ДТЖЖО Абдуалиев Жанибек сөзге шығып, түнде сағат 22:00 ден кейін оқушылардың көшеде жүруіне болмайтынын, мешітке баруға болмайтынын, сабақтан қалдырмауды айтты.

Педагог-психолог А.Әбдіғалпаров 2022-2023 «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу», «Ата-аналармен сауалнама» және т.б мәселелер Отбасылық құндылықтарды сақтау, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушіліктің алдын алу, тіл табысып кетуіне ықпал ету, үлкендер тарапынан жасөспірімдерге жасалатын қылмыстың алдын алу мақсатында түрлі тақырыптарды қозғады

Ата-аналар комитетінің төрайымы Л.Қалиева – «Ұл тәрбиесі», «Қыз тәрбиесі» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыптарына қосымша шолу жасап кетті. Бала тәрбиесіне отбасы тәрбиесінің жауапкершілігін күшейту керектігін, алдағы уақытта қатты қолға алу керектігін айтты. Сондықтан барлығымыз жұмыла әрекет жасауымыз керек деп ойлаймын деп сөзін аяқтады.

Қаулы:

1. Қорытындылай келе, осы жағдайлардың алдын алдын алу мақсатында отбасылық құндылықтарды сақтау, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілікті бролдырмау, үлкендер тарапынан жасөспірімдерге жасалатын қылмыстың алдын алуға байланысты мектеппен тығыз байланыста болу, ата-ана мен мектеп әкімшілігі тарапында бір жақты шешімде болу жұмыстары күшейтілсін.

2. Бала тәрбиесінде отбасы тәрбиесінің жауапкершілігін арттыру мақсатында ата-аналардың жауапкершілігі арттырылсын.

Мектеп директоры: М.Қыдырбаева
МДТЖЖО: Ж.Абдуалиев
Педагог-психолог: А.Әбдіғалпаров
Ата-аналар комитетінің
төрайымы: Л.Калиева
Хатшы: Г.Алдабергенова





«№14 негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жоғары сыныпта өткізілген түсіндірме жұмыстар

Хаттамасы

Ораз ата ауылы

06.12.2022 жыл

Қатысқандар: 9 сынып оқушылары

Күн тәртібінде:

1. «Деструктивті діни ағымдарға қарсы іс-қимылдар» терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу.

2. Шетелдегі теологиялық оқу орындары туралы.

Алғашқы мәселе бойынша мектептің педагог-психологі А. Әбдіғаппаров сөз алып, Террористік іс-әрекеттерді жүзеге асыратын адам немесе топтасқан қауым «террорист» деп аталады. Террорист жеке адам және қоғам тыныштығын бұзатын, мемлекет тәртібі мен қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе қатерге ұшырататын іс-шараларды, заңға қайшы жұмыстарды іске асыратын жеке және заңды тұлғалар болып табылаты жөнінде айтты. Діни экстремизмнің алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді, оқушылардан сауалнама алды. Оқушылар өз білгендерін ортаға тастап, сұрақтарға жауап берді. Жалпы түсіндірме жұмыстары барысында оқушылар өздерін мазалап жүрген сұрақтарына жауап алды.

Сөз кезегін жаһандық құзіреттіліктер пәнінің мұғалімі А. Бердібек алып, жалпы теология ілімі туралы және шет елдердегі теологиялық оқу орындарында білім алудың қауіптілігі туралы, терроризм және экстремизм жайлы толық мағлұмат берді. Әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалану, уақыт шектеулері туралы айтты. Басты назар уақытты дұрыс үнемдей алуға бағыттады. Мектеп аясында алған білімнің студенттік өмірде қажет боларын және оның тереңдей түсінетінін ескерсек, оқушылардың осы жастағы бар әрекеті ертеңгі болашағының бағдарына айналатыны анық. Осы мерзімді ғаламторда босқа өткізбей, керек емес ақпаратты жинаудың орнына танымдық әрі пайдалы сайттарды қолдану жолдарын оқушыларға түсіндірді.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Қорытындылай келе, осы жағдайлардың алдын алу мақсатында. Оқушылармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Террорист жеке адам және қоғам тыныштығын бұзатын, мемлекет тәртібі мен қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе қатерге ұшырататын, заңға қайшы келетін құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді

Мектеп директоры:  М.Қыдырбаева
МДТЖЖО:  Ж.Абдуалиев
Педагог-психолог:  А.Әбдіғаппаров
Кәсіби бағдар беруші:  А.Бердібек



АНЫҚТАМА

«№14 негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» мақсатында, жасөспірімдердің ерекше жағдайын анықтайтын психологиялық сауалнамалар алынып іс –шаралар жоспарына сәйкес 2022-2023 оқу жылының 16-17 ші қараша күні 7,8,9-сынып оқушыларымен «Отбасылық қобалжуды анықтау тесті» және «Өзінді кибербуллингтен қалай қорғауға болады» тақырыбында оқушыларға түсіндірме жұмыстары ,сауалнамалар алынды. Қатысқан оқушы саны:67 Зерттеу нәтижесінде анықталғаны. Оқушылар көптеген сұрақтарға жауап алды, жасөспірімдердің ерекше жағдайлары анықталды сараптама жасап, ата-аналарға ұсыныстар берілді.



Мектеп директоры:


М.Қыдырбаева

ДТЖЖО:

Ж.Абдуалиев

Педагог-психолог:

А.Әбдіғаппаров



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ

«КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
мемлекеттік мекемесі

«№14 НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНДЕ 2023-2024 ОҚУ
ЖЫЛЫНДА ОҚУШЫЛАРДАН АЛЫНҒАН САУАЛНАМАЛАР .

2023-2024 оқу жылы